# ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМГЕР ТУҒАН ЖЕРІНДЕ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ




**Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, халықаралық “Алаш” сыйлығының иегері, жазушы, этнограф Төрехан Майбастың 70 жылдығына орай ауданымызда жалғасын табуда.**

**Өздеріңіз білесіздер, жазушының мерейтойы қаңтар айында облыс деңгейінде аталып өткен болатын. Ал, жуырда халықаралық “Алаш” сыйлығына ие болған жазушы ағамызды аудан әкімі М.Мұхтаров қабылдап, жазушы ағамызға құрмет көрсеткен болатын.**

**Жуырда аудандық мұражайда жазушы Төрехан Әкімжанұлы Майбастың 70 жылдық мерейтойына арналған “Жазушының нұрлы әлемі” атты кездесу кеші болып өтті.**

Алдымен кездесуге келген көпшілік “Қарымды қаламгер келбеті” атты көрмеге қойылған жазушының марапаттарын, әр жылдарда жарық көрген шығармалары, газет бетіне жарияланған мақалалары, әр жылдардағы қолжазбаларын көріп тамашалады.

Іс-шара дәстүрлі әнші Н.Шабановтың орындауында Төрехан Әкімжанұлына арналған арнауымен ашылды. Аталмыш кездесу кешіне арнайы келіп қатысқан аудан әкімінің орынбасары Орал Стыбай құттықтау сөз сөйлеп, қазақтың ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлерін жаңғыртудағы өлшеусіз еңбегіне ризашылығын білдірді.





Астанадан арнайы ат терлетіп келген қаламгердің замандас достары Халықаралық журналистика академиясының академигі, Еуразия университетінің профессоры Нұрқан Мыңбай мен Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, бірнеше әдеби сыйлықтардың иегері Оралбек Жүнісұлы қаламгер достарының сан қырлы адамгершілік қасиеттерін тізбелей келіп, оның ізденгіштік қасиетінің өте жоғарғы деңгейде екенін тілге тиек етсе, өз кезектерінде аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы Ө.Қызылов, аудандық Аналар кеңесінің төрайымы, Мәдениет кайраткері Г.Ахметова, кезінде ауданымызда басшылық қызметтер атқарған, тіл жанашыры Ертай Жәнібеков ағамыз өздерінің жүрекжарды құттықтауларын жеткізіп, оқырманның шынайы құрметіне бөленген қаламгердің рухани болмысы биік парасатты азамат екенін атап өтті. Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектебі оқушылары жазушының әр жылдары жазылған өлең-жырларын мәнерлеп оқып, жазушының алғысына бөленді.

Кеште дәстүрлі әнші Нұрбек Шабановтың орындауындағы Манарбек Ержановтың “Сайра бұлбұл”, Әділхан Жәңгіровтің “Домбыра” әндері жиналған көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Тағылымды кешті мұражай директоры Салтанат Дәртайқызы Қамытбаева қорытындылап, жазушыға қазақы дәстүрмен шапан жауып, ескерткіш сыйлығын табыс етті. Жазушы ағамыздың шашбауын көтере келген достары да құр қол қалмады. Оларға да естелік сыйлықтар табыс етіліп, құрмет көрсетілді.

Жазушы жерлесімізбен кездесу кеші одан әрі аудандық орталықтандырылған кітапханада жалғасты.

**М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.**

Шет шұғыласы. - 2024. - 2 мамыр (№18). - 3 б.